

«Сиқырлы жапсырма» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары арасында «Сиқырлы жапсырма» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарға ынталандыру.

Міндеттері:

- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- балаларды сәндік-қолданбалы өнерге тарту;
- белсенді өмір ұстанымын қалыптастыру;
- білім алушылардың ақпараттық құзыретін дамыту;
- өнер саласында эстетикалық талғамын, қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;
- танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2016 жылғы **15 қазанға** дейін **konkurs.lepka@bk.ru** электрондық поштасына қабылданады. Байқауға 2016 жылғы **15 қазанан кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары **2016 жылғы 28 қазанда** **www.ziyatker.org** сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99 («Сиқырлы жапсырма» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит, Астана қ.

Төлемақы аталуы: «**Сиқырлы жапсырма**» байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін **konkurs.lepka@bk.ru** электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмысты.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің **20 жасқа дейінгі** білім алушылары қатыса алады:

- 1) бірінші жас санаты: 6 жасқа дейінгі балалар;
- 2) екінші жас санаты: 7-10 жас;
- 3) үшінші жас санаты: 11-14 жас;
- 4) төртінші жас санаты: 15-20 жас.

11. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша қабылданады:

- «Үлкен көлемді және тегіс пішінді бұйымды жапсыру» номинациясы;
- «Пластиннен жасалған жапсырма» номинациясы;
- «Пластиннен жасалған композиция» номинациясы;
- «Пластиннен жасалған сурет» номинациясы;
- «Саздан жасалған жапсырма» номинациясы;
- «Тұзды камырдан жасалған» номинация.

12. Қабылдау шарттары:

Байқауға әр кезеңді анық көрсететін жұмыстардың фотосуреттері (кем дегенде 4 дана, jpg. форматында) қабылданады.

Байқау жұмысының титул парағын толтыру үлгісі 2-қосымшада берілген.

Байқау жұмысы қатысушының тек өз бетімен жасалынуы қажет.

Қатысушы өз ойын, қиялын еркін білдіріп, жұмысты өзі орындайды.

(Қатысушылардың жетекшілері мен ата-аналары байқау жұмысының титулдық парағы мен өтінім хатын толтырғанда көмек көрсете алады).

Бағалау өлшемдері:

- байқау жұмыстарының мазмұны тақырыпқа және номинацияларына сай орындалуы;
- ойлау ерекшелігі;
- орындау эстетикасы;
- түстерді жарасымды қоладну, бейне, композициясы;
- тақырыптың қызықты ашылуы;
- орындау көңіл-күйі, мәнері, эмоциясы.

13. Байқауға қатысу үшін бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады. Топпен жасалынған жұмыстар қабылданбайды.

14. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

15. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі, сонымен қатар байқауға 10 жұмыстан артық жолдаған қатысушылардың жетекшілері алғыс хатпен марапатталады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 72 98 99** («Сикырлы жапсырма» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Сикырлы жапсырма» байқауы → әрі қарай.

1- қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8